

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ауданды өлшеу. Квадрат дециметр

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/52302/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың мақсаты: а)Аудан және оны өлшеуді пысықтау.Аудан өлшем бірлігі квадрат дециметрмен есептеу тәсілдерін пысықтау.

ә)Бірлесіп жұмыстануға, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

б)Шапшаң есептеу дағдыларын арттыру, деңгейлік тапсырмалар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

Сабақтың түрі: Саяхат сабақ.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, топтастыру.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, электронды оқулық , Ұшақ Астананың әсем жерлері, Венн диаграммасы

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, музыка

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Оқушылармен амандасу.

Психологиялық дайындық.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

№9 мысалды тексеру (95 бет)

III. Өткенді қайталау.

Ой қозғау. Конверттегі фигурадан көлік құрастыру.

-Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз?

-Тік төртбұрыштың периметрі дегеніміз не?

-Палетка не үшін керек?

IV. Ауызша жаттығу. Интерактивті тақтадан тапсырмалар беру.

-Жаңа сабаққа кіріспес бұрын, тобымызға ат қойып алайық. Ұшаққа міну үшін бізге трап (баспалдақ) керек.

.

а) – Бүгін біз саяхатқа шығамыз. Астанаға тез бару үшін ұшаққа отырайық. Әуелі билет алайық. Ол үшін мына мысалдарды ауызша шығарайық.

$$720 : 90 \quad 8 * 1000 \quad 842 : 2 \quad 81081 : 9 \quad 127000\text{м} = ? \text{ км}$$

$$24500\text{кг} = ? \text{ ц}$$

$$96 \text{ сағ.} = ? \text{ тәулік}$$

$$2 \text{ ғасыр} = ? \text{ жыл}$$

б) I топ – Ұзындық бірліктері.

II топ – Масса бірліктері.

III топ – Уақыт бірліктері.

1. Жаңа сабақ.

— Ұшаққа жайланып отырдық. Енді тездетіп есептер шығарайық.

№1 есепті – I топ

№2 есепті – II топ

№3 есепті – III топ шығарайық.

№1

№2

№3

Ұз.-8дм	Қаб.- 5м	Биіктігі - 10дм
Ені - 4дм	Шаршы	Ұзынды - 30дм
$S = ? P = ?$	$S = ? P = ?$	$S = ?$
Ш: $P = (8+4) \cdot 2 = 24$ дм	Ш: $P = 5 \cdot 4 = 20$ дм	Ш: $S = 10 \cdot 50 = 500$ дм ²
$S = 8 \cdot 4 = 32$ дм ²	$S = 5 \cdot 5 = 25$ дм ²	

Венн диаграммасы

Шаршы

Тіктөртбұрыш

№4

Ұзындығы	8см	40дм	40см	4дм	5дм	12дм
Ені	5см	10дм	3см	3дм	3дм	8дм
Ауданы	40см²	400дм ²	120см ²	12дм²	15дм²	96дм²
Периметрі	26см	100дм	86см	14дм	16дм	40дм

Ақтөбе қаласының үстінен ұшып барамыз.

№5 Бөлуді орында және көбейтумен тексер.

I топ.

$$83244 : 4 = \mathbf{20811}$$

II топ.

$$34088 : 8 = \mathbf{4261}$$

III топ.

$$14007 : 7 = \mathbf{2001}$$

$$87147 : 9 =$$

9683

Әрмен қарай ұшып барамыз.

Электронды оқулықтан тест жұмысын орындау

№7 есеп. (оқып шығамын)

-Есеп нелер туралы?

-Есепте не белгілі?

-Не белгісіз?

-Бізден не сұрайды?

I топ – есептің шартын жаза қойыңдар.

II топ – шешуі мен жауабын жазады.

III топ – кері есеп құрастырады.

5сағ.

80км/сағ

60км/сағ

Ш: $(80+60)*5 = 700$ (км)

Ж: 5 сағат

? км

Кері есеп ?

80км/сағ

60км/сағ

Ш: $700 (80+60) = 5$ (км)

Ж: 5 сағат

700 км

№8 есеп. (Есепті оқимын.Бірге талдаймыз)

I күні – 28 км

II күні – 35 км

II күні — ? сағ.

Әр күні — ? сағ. Ш: $(28 + 35) : 9 = 7$ (км/сағ)

$28 : 7 = 4$ (сағ) $35 : 7 = 5$ (сағ)

Ж: I – 4сағ. II- 5сағ.

Кері есеп.

I – 28 км

II — 35км Ш: $(28 + 35) : 7 = 9$ (сағ)

Жылд. – 7км/сағ. Ж: 9 сағ.

Мінекей, Астанаға жеттік. Жарқырап аластан бәйтерек көрінеді.

№9 теңдеу. Қай теңдеудің мәні 270-ке тең?

$$x + 100 = 370 \quad 400 - x = 130 \quad 1350 : x = 5 \quad 3 * x = 810$$

-Міне, мынау парламент үйі. Анықтап көру үшін шығармашылық тапсырмаға қарайық. Астанада әсем зәулім ғимараттар өте көп. Олар әсем Астанаға әр түрлі деңгейде өзінше мән мағынасымен қатар көрік беріп тұр. Олай болса:

Деңгейлік тапсырмалар:

Әсем Астананы араладық. Астана туралы, алған әсерлеріміз туралы кім әңгімелеп айтқысы келеді?

Енді үйге қайтайық.

Үйге тапсырма: мысал 6 (95 бет)

Жақсы әсер және жақсы баға алдық.

Бағалау

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.